

№1 «29» тамыз 2024
Пед кеңесте каралды

Бекітемін:  у.м.а. С.А.Искакова
Мектеп директоры



Келісетін:  Биртаева
Аудандық білім басшысы



Тақырыбы:
Креативті ойлау
(элективті курс)

Класы: 10
Орындады: Е.С.Азбергенов
География пәні мұғалімі

Ә/Б отырысында каралды:
№ 1 Хаттама «28» 08 2024 ж
Әдістемелік бірлестік жетекшісі:
 М.Ж. Жумакулова
Тексерілді: С.А.Искакова
 Оқу ісінің меңгерушісі

МАЗМҮНҮ

1. Түсінік хат
2. Бағдарламаның негізгі идеясы
2. Элективті курс мақсаты мен міндеттері
4. Бағдарламаның өзектілігі
5. Күтілетін нәтижелер
6. Тақырыптық сабақтар
6. Оқытушыларға арналған нұсқаулықтар
7. Реалистік кейс үлгілері
8. Оқушы жұмысын критериалды бағалау
9. Глоссарий
10. Әдебиеттер тізімі

Түсінік хат

Креативті ойлау – білім алушылардың берілген ақпаратты сұрыптап, кезінен ойлауға талпынуы, елестету, қиялдау арқылы әртүрлі образдар, идеялар туындатып, өзгеше, жаңа дүниені ұсынуы.

Қазіргі таңда ақпарат ағымының жылдам алмасып отыруына байланысты білім алушылардың да жағдайға сай тез шешім қабылдай алу, икемделу, бейімделу қабілеттерін дамыту өте маңызды мәселе болып отыр. Сол себепті де жаһандану дәуірінде сыни көзқарасы дамыған, жан-жағымен еркін қарым-қатынасқа түсіп, таным көзжиегі кеңейген, идеяларын жариялап, өзін-өзі іске асыра білетін креативті тұлғаны қалыптастыру – заман талабы.

Креативтілік — оқушыны өркендеуге, дамуға, нәтижеге жетуге бағыттаптын, тез ойлап табу, жаңалық ашу, аяқ астынан ақыл табу, терең сезім, толғаныс, интеллектуалдық биіктік, ұшқыр ойлылыққа жетелейтін биік шын. Сонымен бірге креативтілік адамның саналы және бейсаналық психикасын зерттеу, өзін-өзі тану қажеттілігіне алып келеді. Шығармашылық - бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, яғни, бүкіл тіршілік көзі. Мектепті үздік бітірген оқушының өмірдің шындығымен бетпе-бет келгенде, икемсіз, дәрменсіз болып шығатын кездері аз болмайды. Сондықтан оқушының шығармашылық мүмкіндігін ашу, оған бағыт-бағдар беріп, қырсырына оқыту, мәні мен орнын, заңдылықтарын ұғындыру – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Бұл элективті курс бағдарламасында білім алушылардың креативті ойлауын дамытып, заманауи тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруға, болашағы туралы ой жүгірте білу, алған білімдерін өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, өз өмірімен байланыстырып, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері көзделген. Оқушылардың креативті ойлауы арқылы табысты болуға, шығармашылыққа ұмтылу қабілетін дамыту үшін әдістемелік көмекші құрал ретінде пайдалануға ұсынылады. Бағдарлама 10-11 сынып білім

алушыларына аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа негізделіп құрастырылған.

Бағдарламаның негізгі идеясы: Инновациялық іс-әрекетке даярлау процесінде жоғары сынып оқушыларының креативті тұлғалық сапа ретінде дамуы, яғни, іс-әрекетте жана идеяларды өз бетінше жүзеге асыру қабілеті мен шығармашылыққа қабілетті, интеллектуалдық белсенділік, логикалық және стандартты емес ойлау деңгейіне жетудегі субъектілеріне айналуының маңыздылығы.

Мақсаты: Шығармашылық даралығы мен ерекше креативті ойлауы бар тұлғаны дамыту.

Міндеттері:

- Теориялық білім бере отырып, жаңа әдістеме арқылы креативті ойлауға бағыттау, стандартты емес шешімдерді қабылдауға ықпал ету;
- нарықтағы өнімнің барлығы адам еңбегінің жемісі екенін ұғынуға жетелеу;
- өмірдің өзгермелілігін ұғынып, жағдайға сай бейімделу қабілетін шыңдау;
- берілген ақпараттарды жинақтап, өмір тәжірибесімен салыстырып, өз өнімін ұсынуға бағыттау;
- білім алушылардың креативті тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- креативті іс-әрекетке дайындау процесіне қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру.

Бағдарлама өзектілігі: 2021 жылдан бастап, PISA зерттеуі алғаш рет жетекші компоненттердің бірі ретінде креативті ойлауды бағалау енгізді, демек бұл осы бағыттың маңыздылығы мен өзектілігін арттыра түседі. Адамның құндылығы оның бірегейлігімен, шығармашылығымен анықталады. Шығармашылық жаңа көзқарасты, жаңа шешімді, жаңа амалды, мінез-құлықтың, қабылдау мен ойлаудың әдеттегі схемалары мен стереотиптерінен бас тартуға дайын болуды, өзін-өзі өзгертуге дайын

болуды қамтиды. Креативтілік – туа бітті талант емес, күнделікті жұмысына шығармашылықпен қараудан дамитын дағды екенін ескерсек, демек жоғары сыныптағы білім алушылардың осы қасиеттерін дамыту маңызды міндетке не.

Сол себепті бағдарлама білім алушылардың танымдық қабілетін арттыру, өз өмірінің нәтижелерін талдау, ойын шоғырландырып, жинақтауға, қиялын, еске сақтау қабілетін, болашағын елестету қасиеттерін дамытуға және соның негізінде креативті тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруға бағытталған.

Күтілетін нәтиже:

- Ақпараттарды қабылдау, мәселелерге сезімталдығы, жаңа идеяларды қабылдау икемділігі, өмірлік мәселелердің кездейсоқ шешімін табу дағдылары қалыптасады;
- алған ақпаратын талдап, оның шынайылығын бағалауға үйренеді, негізделген шешімдер қабылдайды;
- қиын жағдаяттардан шыға білу икемділігі нығаяды;
- керемет идеяларын, өз мүмкіндіктерін іске асыруға ұмтылады;
- стандартты жағдаяттарда стандартты емес шешімдерді қабылдауға үйренеді;
- жаңа дүниені байқап, сынап көру және өз қателіктерінен сабақ алу қабілеттері нығаяды;
- креативті ойлау арқылы оқуға қызығушылығы артады, шығармашылығы дамиды;
- өз бетімен ізденіс дағдылары, іскерлік қабілеттері жетіледі;
- ойларын логикалық түрде жүйелей алу ұстанымдары қалыптасады;
- әртүрлі жағдаяттарда мәселені өздігінен шешуге бағытталады.

«Креативті ойлау» 10-сыныпқа арналған элективті курс бағдарламасы

Жылдық жүктемесі 34 сағат, аптасына 1 рет.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Мидың ерекшеліктерін қолдану	1
2	Өзіңізге шектеу орната біліңіз!	1
3	Мінез-құлықтың адам өміріндегі рөлі	1
4	Табысты болудың алғы шарттары	1
5	Мәселені қайта-қайта қарау үрдісі -шығармашылықтың алғашқы қадамы	1
6	Шығармашылық – жеке тұлға дамуының негізі	1
7	Менің креативті идеям. «100 идея»	2
8	Шығармашылықтағы кедергілер. Мен кедергілерді қалай жеңемін?	2
9	Шабыт – адам еңбегіне қанат бітіретін ұлы күш.	2
10	Шығармашылық жұмыстарын рәсімдеу, тексеру	2
11	Сократтың Маевтикасы	1
12	Білім, икемділік, дағды. Қателікті түйсіну	2
13	Мига шабуыл және кері байланыстар	1
14	Әртүрлі идеялардың тоғысуы	1
15	«Сынақ сұрақтар» әдісі	1
16	Сиқырлы объектілер әдісі	1
17	Акын сияқты ойлау	1
18	Суретшіні шығармашыл тұлға ретінде елестету	1
19	Тәжірибе және нәтижелер. Мен табысты тұлғамын	2
20	Интеллектуалды қызметті ұйымдастыру кезінде адамның өзін-өзі реттеуі	1
21	Тұлғаның өз қызметін жоспарлай білуі де – табысты болудың қадамы	1

22	Мен креативті тұлға ретінде өз қызметімді қалай ұйымдастырамын?	1
23	Креативті тұлғаның жан-жақтылығы	1
24	Менің жобам – менің креатив идеям	2
25	Креативті жобалар және жетек сұрақтар әдісі	1
26	Креативті ойлау тренингтері	1
27	«Менің табыстарым». Жобалар презентациясы	1
	Барлығы	34 сағат

Оқытушыларға арналған нұсқаулықтар:

Google disk (Google Docs, таблицалар, презентациялар) арқылы құжаттарды бірлесіп редакциялау. Бірнеше оқушы нақты уақыт режимінде құжаттар, презентациялар және электрондық кестелер бойынша бірлесіп жұмыс істей алады, түсініктемелер мен кері байланыс бере алады. Оқушылар google Docs ортақ жобалық жұмыс үшін пайдалана алады және жұмысына тікелей түсініктемелер мен бағалаулар бере алады.

«**Padlet**» сандық тактасы арқылы бірлескен интерактивті такталар негізінде оқушылар өз идеяларын, суреттерін немесе құжаттарын орналастыра алады. Оқушылар бұл платформа арқылы компьютермен немесе қолдарындағы смартфонмен ұйымдаса отырып, топтық жұмысты орындайды. Тапсырмаларға байланысты «Padlet» әртүрлі рәсімделген платформалар ұсынады.

Mentimeter – интерактивті презентацияларды құруға арналған онлайн-сервис. Бұл құрылғы аркасында көпшілік алдына шығып сөйлеу аудиториямен диалогке айналады. Мұнын көмегімен жеке презентацияны қорғау кезінде сауалнама, дауыс беру, викторина жүргізуге болады, сонымен бірге «сөздер бұлтын» (облако слов) жасауға болады. Және де бұл сервис белгіленген нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Minecraft платформасы – оқушылар өздері ойдан шығарған әлемді құрастырып зерттейтін, текше блоктардан құралған ашық ғалам, интерактивті ойын. Оқушы ресурстарды өзі тауып, объект, баспаналарды сала алады, жаңа тын жерлерді жеке жұмыстанып табады. Шынайы өмірге өте ұқсас «Күнкөріс режимі» арқылы ынталандырады: оқушы ресурс табады, жұмсайды, қиындықтарды жеңеді. Білім алушының сыни ойлауын ынталандырады, кез келген жағдайда жылдам және тиімді әрекет етуге үйретеді.

«Edmodo» платформасы — әлеуметтік желідегі идеяларды іске асырып, сыныпқа сай етіп ұсынатын веб-сайт. Жоғары сынып оқушылары «Edmodo» арқылы бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, идея, проблемалар және пайдалы кеңестерімен пікір аламаса алады. Сонымен бірге бұл платформа оқушыларды кез келген тақырыпта диалогке итермелейді және тағы да бір ерекшелігі - диалогтің қоңырау соққаннан кейін де үзілмей, жалғасын табу мүмкіндігі.

Mural (миго-қабырға) — архитектуралық құрылыстардың қабырғасына көркем сурет салу өнері. «**Mural**» онлайн ми шабуылы платформасы арқылы мына әрекеттерді жүзеге асыруға болады:

1. Брейншторм (таймер, дайын шаблондар, жеке жұмыс жасау режимі)
2. Митинг (бейресми кездесу) және воркшоп (жұмыс шеберханасы) өткізу
3. Стратегиялар мен жоспарлар құру (дизайн-ойлау)
4. Дизайн-ресерч (зерттеу) жасау және талдау. Бұл жерде ментальды карталар құрастыруға, бәсекелестерін талдауға, талаптар мен фидбектер (кері байланыстар) жинауға тиімді.

MindMeister платформасы арқылы таңқаларлық интеллект-картаны топпен жасауға болады. Оқушылар өз идеясын бекітуге, дамытуға және таратуға мүмкіндік алады. Проект жоспарлаудан бастап, ми шабуылына және кездесулерді ұйымдастыруға дейін оқушылар креативтілігіне ерік беріп, керемет интеллект-карта жасауға мүмкіндік береді.

Реалистік кейс үлгілері:

Қоғамдағы өзекті проблемаларға байланысты тапсырма үлгілері	Ұсынылатын тәсіл	Нәтиже
1. Қалалық жерлерде қалдықтарды басқару күрделі мәселеге айналуға, бұл ластанудың өсуіне, денсаулыққа және қалалық инфрақұрылымның тиімсіздігіне әкеледі. Қазіргі жүйелер көбінесе қалдықтарды жинаудың кешігуінен, қоқыс таситын көліктер үшін тиімсіз маршруттардан және бүкіл қала бойынша қоқыс жәшіктері үшін нақты уақыт режимінде бақылаудың болмауынан зардап шегеді. Шешу жолдарын қарастыра отырып, өз жобаныңыз ұсыныңыз.	«Арадуино» платформасы.	Онлайландыру жолдарын қарастырып, мини-жобаларын ұсынады
2. Қазақстан көмірқышқыл газы шығарындыларын азайта отырып, энергияға өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін атом электр станциясын (АЭС) салу мүмкіндігін қарастыруда. Алайда, бұл қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, қалдықтарды кәдеге жарату және энергияны тиімді өңдеу сияқты бірқатар мәселелермен байланысты. Өз жобаныңыз ұсыныңыз.	«Интернет вещей» арқылы автоматтандыру және қауіпсіздікті басқару сияқты салаларда инновациялық шешімдерді ұсына алады.	Өз жобасын ұсынады
3. Статистика мәліметтері бойынша, бүтінгі күнде елімізде жиналып қалған қалдықтардың 10% ғана қайта өңделеді, 90% сол күйінде жатыр. Қала маңындағы үйілген қалдықтарды көріп жүрген боларсыз. Проблеманы шешу жолын ұсыныңыз.	Thinkable платформасы арқылы жақын орналасқан қайта өңдеу пункттерін тауып, қалдықтарды пайдаға жарату жобасын ұсынады	Нақты шешу жолын ұсынады
4. Ғаламдық экологиялық проблемаларға климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биозертүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауы (деградация) жатады. Осылардың басты себебі – транспорт түрлерінің көбеюі екенін ескеріп, шешу жолын ұсыныңыз.	Unity платформасын қолданып, транспорт инфраструктурасын 3D модельдеу арқылы транспорт ағымын онлайландыру жолдарын қарастырады	Платформаны қолданып, нақты жоба ұсынады

Оқушы жұмысын критериалды бағалау үлгілері:

№	Оқушының аты-жөні	+CSS түрінде қолдану	Дизайн вебсайтын қолдану HTML+CSS	Мазмұны	Деректер базасы	Javascript қолдануы	Презен тация

Оқушының аты-жөні.....

<i>Құжатты критериялды бағалау: «Талдау» кезеңі</i>	
Критерийлер	Балл
Проблеманы сипаттайды	1
Ақпаратты жинақтау әдісін қолданады	1
Тұтынушының детальді талаптарын суреттейді	1
Жобамен жұмыс жасау жоспарын құрады	1

<i>Құжатты критериялды бағалау: «Жобалау» кезеңі</i>	
Критерийлер	Балл
Шешімдердің түпүлгісін жасайды	1
Блок-схема құрады	1
Әзірленген шешімдердің артықшылығын сипаттайды	1
Әзірленген шешімдердің шектеулерін сипаттайды	1

<i>Құжатты критериялды бағалау: «Реализация» кезеңі</i>	
Критерийлер	Балл
Деректер құрылымын сипаттайды	1
Тандалған деректер құрылымының тиімділігін сипаттайды	1
Деректер құрылымындағы элементтерді циклдік алгоритмдер тұрғысынан қарастырады	1
Тандалған құрылымның элементтерінің арасынан деректерді ізлеуді ұйымдастырады	1
Тандалған деректер құрылымының элементтерін сұрыптайды	1
Түсінікті (белгілі) идентификатор атауын қолданады	1
Бағдарлама жолына комментарий жасайды	1

<i>Құжатты критериялды бағалау: «Бағалау» кезеңі</i>	
Критерийлер	Балл
Шешім талдамаларының табыстылығын сипаттайды	1
Жасалған жүйеге тұтынушылар берген бағасы	1
<i>Жобалық жұмыстың рәсімделуіне байланысты талаптар</i>	
Шрифт: Times New Roman, Кегль 12, жоларалық интервал 1	1

Шегіністер: солынан-2,5, оңынан-2, жоғары-2, төменгі-2	1
Беттердің нөмірленуі – төменгі жағында, ортасында орналасқан	1
Дәлелдемелер: скриншоттар, суреттер, фотографиялар	1

Глоссарий

Креативтілік – индивидтің жаңа ұғым жасау және жаңа дағдыны қалыптастыра алатын қасиетін бейнелейтін қабілеті, яғни, шығармашылық жасауға қабілеттілік; бұл ұғым интеллекттен тыс ортада зерттеледі әрі тұлғаның шығармашылық жетістіктерімен байланысты.

Интеллект – психологиялық ұғым, оны ойлауға қабілеттілік, тиімді тану

Тұлға – адамның даралығын сипаттайтын тұрақты психологиялық сапаларының жиынтығын белгілейтін ұғым, саналы іс-әрекет субъектісі.

Зерттеушілік іс-әрекет – оқушылардың алдын-ала белгісіз нәтижеге қарай шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын шешуге бағытталған оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формасы

Креативті ойлау - түпнұсқа және сонымен бірге құнды идеяларды құру мүмкіндігі

Таланттың креативтілігі - «шығармашылықтың керемет және айқын өнімдерінде» көрінетін креативтілік түрі.

Шығармашылық - адамның өнер туындыларын жасау үдерісі. Шығармашылық – бұл шығармашылықпен айналысудың ерекше шарты. Нәтижесінде шығармашыл тұлға әрқашан шығармашылыққа ие, бұл оның ажырамас бөлігі.

Эвристика (гр. *heurisko* – іздестіремін, ашамын) – жаңалықтарды ашу мен оқытуда қолданылатын шығармашылық қызметті, тәсілдерді зерттейтін ғылым.

Синектика - ой қозғаудың жетілдірілген түрі. Егер ой қозғауда идеяларды топ құрамына кездейсоқ түрде жиналған оқушылар келтіретін болса, синектикада идеяларды сарапшылар (бұл мәселе бойынша хабардар, осы бағытта жұмыс жасап жүрген оқушылар) талқылап, қорытындылайды. Мұнда проблема құрастыру жұмысы бірнеше кезеңдерден өтеді: идеялар туындаудан сараптауға қарай, сараптаудан қайтадан идеяларды келтіруге

карай.Синектиканың максаты: ой қозғаудағы жаңа идеяларды келтіріп, бірлесе талқылау барысында оларды проблема шешетіндей деңгейге жеткізу.

Мәбәтика – жетекші сұрақтар арқылы әр адамда жасырын жатқан білімді шығаратын Сократтық әдіс.

Сынақ және қателер әдісі – жасаған қателіктер мен әрекеттерді көптеп қайталау нәтижесінде білімнің,ікемділіктер мен дағдылардың қалыптасуы. «Сынақ және қателер» әдісін американ зерттеушісі Э. Торндайк енгізген.

Әдебиеттер тізімі

1. Мырзагелді Кемел. «Өзіңді таны» - «Аударма», 2007
2. Йерун ван Хейла. «Поддай идею» - «Миф», 2019
3. Майкл Микалко «Рисовый штурм» - «Миф», 2018
4. Майкл Микалко «Взлом креатива» - «Миф», 2021
5. Остин Клеон «Кради как художник» 10 уроков творческого самовыражения - «Миф», 2020
6. Остин Клеон «Кради как художник» Творческий дневник - «Миф», 2019
7. Марк Леви «Гениальность на заказ» - « Эксмо», 2013
8. Дмитрий Чернышев «Как люди думают» - «Миф», 2020
9. Кристоф Ниманн «Скетчи по воскресеньям» - «Миф», 2017
10. Этанислао Бахрах «Гибкий ум» - «Миф», 2022
11. Арег и Майлз Маклеод «Создай свою вселенную» - «Миф», 2017
12. Уильям Гордон. «Синектика: шығармашылық қиялды дамыту» - <https://solncesvet.ru/применение-метода-синектики-для-разв/>
13. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. Астана, 2017
14. Д. Барретт. «Мечты и творческое решение проблем» - Нью-Йоркская академия наук, 2017
15. Састре-Риба С., Виана-Саенс Л. Высокие интеллектуальные способности, решение проблем и креативность